

**С.Ж.АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА
УНИВЕРСИТЕТІ**



**КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ
ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА**

ТАҚЫРЫБЫ: ЗЕРТТЕУ МӘЛІМЕТТЕРІН ТОПТАУ

- **Топтастыру** - статистикалық жиынтықты сол жиынтықтың күйі мен дамуын көрсететін біртекті топтарға бөлетін, әлеуметтік-экономикалық құбылыстарды зерттеу әдісі
- **Статистикалық мәліметтерді топтау** - қоғамдық процестер мен құбылыстарды белгілеріне, ұқсастықтарына, түрлеріне, үлгілеріне қарай бір-бірінен ажыратуға болатын топтар мен ішкі топтарға бөлу

Топтаудың мақсаты - жинақталған мәліметтерге талдау жасау үшін ретке келтіріп ықшамдау, өзгермелі белгілерге қарай іріктеу, қанша топқа бөлу керектігін анықтау және көрсеткіштер жүйесін белгілеу.

Біртүрлілік

**Статистикалық
топтау**

Аналитикалық

Құрылымдық



Біртиптік топтау

- Біртиптік топтаудың мақсаты-біртектес топтарды, сыныптарды әлеуметтік-экономикалық түрлеріне қарай саралау. Ол келесі тәртіп бойынша жүреді:
- 1.Алдын-ала пайда болған типтерді, сыныптарды өзіне тән сапалық белгілеріне қарап анықтап, белгілеп қою.
- 2.Топтау белгілеріне қарай анықтау.
- 3.Жинақталған сандық көрсеткіштерді белгіленген топтарға бөлу.

Құрылымдық топтау

- *Құрылымдық топтау мақсаты* - біртектес жиынтықтың құрылымы мен оның құрамдас бөліктерін сипаттайтын көрсеткіштер туралы мәліметтер беру.
- Біртектес, біртипті жиынтық бірліктердің өзгерісін өздеріне тән белгілеріне қарай бөлуді **статистикалық құрылымдық топтау** дейді.

Талдаулық топтау

- *Талдаулық топтаудың негізгі мақсаты-* жиынтық бірліктердің өзара байланысын анықтау және олардың бір-біріне әсерін, себептерін зерттеу болып табылады.
- Бір-біріне әсерін тигізетін талдаулық топтаудың себептік белгілері қоғамдық құбылыстардың өзгергенін, ал нәтижелік белгілері сол себептердің тигізген әсерін көрсетеді

Талдаулық топтау келесідей:

1. Себептік белгілері бойынша құрылады және нәтижелік белгілердің орта шамасы табылады.
2. Әрбір топты сипаттайтын себептік және нәтижелік белгілердің орташа шамасын есептейді.
3. Себептік және нәтижелік белгілердің арасындағы өзара байланыстың ерекшеліктері анықталады.

- Жиынтық бірліктері бір ғана белгісі бойынша топталса **жай топтау**, ал екі немесе одан да көп белгілерге қарай топталса, **күрделі топтау** деп аталады.

- Сипаттайтын топтау өзінің өзгермелі мәніне сәйкес *бүтін және деңгей аралықты* болып бөлінеді. Топтық белгі бүтін санмен берілетін болса, онда бүтін сан өзгермелі топтауға жатады. Деңгей аралығының тұрақты шамасын есептеу алдында оның ең үлкен, ең кіші шамасының сандық мәнін анықтау керек

Қайта топтау

- **Қайта топтау** дегеніміз алғашқы топтастырылған топтық көрсеткіштерді жаңа топтарға өзгерту әдісі.
- Алғашқы топтастырылған топтық көрсеткіштер әлеуметтік жоқ құбылыстар мен процестерге талдау жасағанда сұрақтарға толық жауап бермейтін болса, онда қайта топтау әдісі қолданылады.

Қайта топтау 2 әдіспен жүргізіледі

1. Бастапқы топтастырылған ұсақ топтардың деңгей аралығын қосып, оларды көбейту арқылы ірі топтарға айналдыру.

2. Әр жерде жиналып, әр түрлі өңделген топтық көрсеткіштерді бір-бірімен салыстыру үшін бір жүйеге келтіру қажет болғанда проценттік үлесі бойынша қайта топтастыру.

- *Топтастыру белгісі* – топтардағы жиынтық бірліктерінің біріктірілуі болатын вариацияланатын белгіні айтады.
- Топтастыру кезінде топтар саны туралы сұрақ, сандық белгілері бойынша зерттелетін әлеуметтік-экономикалық құбылыс мәнінен шыға отырып шешімін таба алады. Бұл жағдайда Старджесса әдісін қолдануға болады.

*Назарларыңызға
рахмет!*